

АЙҒЫР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Шикіл Токтауылов ұзақ жылдар бойы газет-журналда қызмет істеп келіп, биыл пенсияға шықты. Бүгінде оның сабаудай үш қыз, бір ұлы бар. Бәрі де ержетіп, оны мен солын танып қалған. Бірақ сонда да Шікең "Әттең жалғыздық" деп налиды кейде. Өйткені жастайынан қосылған қосағы Бибі кемдікүн шыдай тұрмай асығыстау кетті пәни дүниеден. Иә, анда-санда болсын ойды бөліп, көңілді алаңдата беретін осы бір "жалғыздығы" түскір-ақ қиын.

Дегенмен, тіршіліктің аты тіршілік. Дені

сау адамға қол қусырып қарап отыру қиын. «Түстік өмірің болса, кештік мал жина» дегендейін, Токтауылов та күнделікті қарекеттен тыс қала қалған жоқ. Газет-журналдарға ауық-ауық материалдар жазып тұрады, кейде «Рекламбюродан» алып жарнама аударады. Бүгін

ол әдебиет газетінен кәдімгі айғыр туралы баллада жазып бермек боп тапсырма алып қайтты.

Балалар болса өзімен өзі. Пенсионер өзінің жұмыс бөлмесінде, оңаша. Жең сыбанып «айғырын» қолға алды.

Бар еді көрші ауылда қарала айғыр,
Пішілген сотқарлықпен жаралы айғыр.
Пішкенде екінші рет мойымады, -
Жан кешті піше берсе болады айғыр.

Қатып кетті! Қаламгер ерекше бір сүйсініспен езу тартқандай. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, алғашқы аяқ алыс жаман да емес. Ол енді екінші шумақты омқырулай бастаған еді. коридордағы телефон шыр ете қалды.

...Осы бір телефоны түскірге дауа болмай-ақ қойды, аяқ астынан шылдырап ойды бөле береді. Оның үстіне кейде ауыл жақтан қонақтар да келіп қалады. Тек осы жағы болмаса. Ші-

кең қыл бабында. Нені де болсын қолға алса, тез-ақ укалап тастай береді,

- Әле! Тындап тұрмын. О, бұл қайсысың?..
Телефонда үн жоқ.

- Кімсің? - дейді Шікең шиыршық атып -
Неге үндемейсің, жарқыным? Әле! Бұл не пәле?..

- Шураны шақырып жіберіңізші, мүмкін болса, - сызылған жігіт даусы естілді телефоннан.

- Е, солай демейсің бе, жазған бала. Сонда қайсысын?

- Шураны.

- Шураңыз үшеу бұл үйде. Шәйгүл, Шәрбан, Шәкен дейтіндер бар мұнда. Осының қайсысын шақыру ләзім?

Жігіт «Шура» дегеннен басқаны білмейтін болса керек, әлгіден соң трубканы сылқ еткізіп тастай берді.

- Е, онда мейлің.

Шікең екінші шумаққа қатулана кірісті:
Түбіне Қараланың жетті егес,
Егессіз еркекті ешкім еркек демес,
Екі түгіл, үш рет пішілсе де,-
Айрылған айғырлықтан айғыр емес.
Қайран Шікем! Сөз деп міне осыны айт!

Айғыр біткеннің аруағы риза боларлық кесім бұл. Неге десеңіздер, қазақ жерінде айғыр жайлы бірде-бір жан бұрын-соңды тап мұндай әділ төрелік айтып көрген емес. Осынымызды дәлелдеу үшін тіпті Қазақ Совет Энциклопедиясының өзіне-ақ жүгініп көрелікші, ол не айтар екен?

«Айғыр жылқының жыныс қуаты жетілген еркегі. Бұрын айғырдың тұқым бермейтін белсізін, сыңар ендісін, шартығып, қызтекесін бірден анықтай алмайтын... Қазірде үйірге салынатын айғыр жан-жақты зерттеліп, тексеруден өткізіледі».

Мінеки, энциклопедияңыздың топшылауы осындай. Ал сонда осы арада Шікеңнің айғырына ұксас айғыр бар ма?

Өзінің сөз саптауына сүйсінген акын енді үшінші шумаққа шүйілді.

**От шашып қос жанары жарқыраған,
Екпіні тау суындай сарқыраған.
Мал бітпеген ауылдың баласынша
Шартық деме, айғырды арқыраған!**

Осы араға келгенде телефоны түскір тағы да

шылдыр ете қалар ма. Шікең қолындағы қаламын тастай бере тұра жүгірді.

- Әле! Кім керек?

- Шура керек, - дейді дауасыз телефон.

- Сонда қайсысын шақыруым керек? Сенікі қайсысы еді?

- Қайсысын емес, Шураны.

- Олар бізде үшеу ғой, соның қайсысын: Шойгүлін бе, Шәрбанын ба, Шәкенін бе? Немесе үшеуінде ме?

- Жоқ, Шурасын.

- Ей, - деді әбден ыза болған қыз әкесі, - айттым ғой мен саған әлгілерден басқа бізде Шура жоқ деп. Әле! Енді әкенді ертіп келсең де ешкімді шақыра алман!

...Бір жағынан ала айғыр, бір жағынан Шура... Шікеңнің шыдамы әбден таусылуға айналды. Түн ортасы ауып барады. «Мұндай да қорлық болады екен! - деп күбірлейді ол, - Өз қызың өзінді поштабай жасап: шақыр, шақыр! деп дігерлеп тұрған өңір бір пәлеге қалдық...»

Осыдан соң Шікең төсегіне барып жантайған еді, бірақ қанша мызғығанын өзі де білмейді,

шошып оянды. Сырттағы сынсыған мысық даусынан ба, әлде басқадан ба, бірақ оны қаперге ала қойған ол жоқ, тұра сала үйреншікті телефонға жүгірді.

- Әле! - дейді ол телефон трубкасын өршелене үрлеп. - Қайсысын?

Телефонда үн жоқ.

Ол не істерін білмей, стол басына кеп отыра кетті. Сол екі ортада ойына тағы бірдене ора-ла қалғандай болған соң, қаламын қайта қолына алды:

**Дүниедегі ең мықты айғыр деген,
Сор тұртпесе ойнама айғырменен.
Алыс бие ыркына жүрер ме еді
Болмаса айғыр батыр, айғыр берен!**

Көңілі жаңа ғана тыңғандай болды Шікеңнің. Телефонның трубкасын алып тастап, төсегіне қарай ойыса бере:

- Осымен өзің де біткен шығарсың, бәлем! - деді.

Жүсіп АЛТАЙБАЕВ.